



ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 21 тамыз, 2026 жыл №33 (705)

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновті қабылдады



Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомство жұмысының нәтижесі, азаматтық қорғаныс жүйесін жаңғырту барысы және алдағы кезеңге арналған жоспар жөнінде баяндалды.

Президентке Төтенше жағдайлар министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту шаралары таныстырылды. Соңғы екі жылда бөлімшелер 1,4 мыңнан астам техника, авиация, заманауи құтқару жабдықтары, ұшқышсыз ұшу аппараттары және байланыс құралдарымен толықтырылды. Бұл еліміздің барлық өңірінің төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету мүмкіндігін айтарлықтай арттырды. Сонымен қатар министрлікке қарасты бөлімшелерді жаңғырту жұмыстары қолға алынды.

Шыңғыс Әрінов бөлімшелер желісін дамыту мәселесіне тоқталып, жаңа әмбебап құтқару құрылымдары, авиация және теңіз жасақтары құрылғаны жөнінде айтты. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 237 ерікті өрт сөндіру бекеті салынған. Олар шамамен 700 елді мекеннің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Халықты жаппай шұғыл хабардар ету жүйесін дамыту жұмыстары жалғасып, Ахуалдық орталықтың мүмкіндіктері кеңейтіліп жатыр. Сондай-ақ табиғи өртті ерте анықтау жүйелері біріктірілуде.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомство қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шаралары туралы мәлімет берілді. Құтқарушыларға тұрғын үй төлемдері қарастырылған. Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметкерлері үшін арнайы тұрғын үй кластерін құру жобасы қолға алынды. Аталған бастама өрт сөндіру бөлімдері мен құтқару базаларының жанында қажетті инфрақұрылымы бар тұрғын үй кешендерін салуды көздейді.

Президент министрліктің азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру бойынша атқарып жатқан жұмысын оң бағалады.

Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, аудандық және ауылдық құтқару бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту іс-шараларын жалғастыру, заманауи технологиялар енгізу және өрт қауіпсіздігі деңгейін көтеру жөнінде тапсырма берді.

ortcom.kz

ҮКІМЕТ

Үкіметте автожол саласын дамыту мәселелері қаралды



Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен автожол саласы мәселелері жөнінде кеңес өтті. Талқылауға Көлік, Қаржы, Ұлттық экономика, Әділет министрліктерінің, ҰҚК Шекара қызметінің, «Қаз Авто Жол» ҰК» АҚ-ның басшылығы және мердігер ұйымының өкілдері қатысты.

«Орталық - Батыс» жобасын іске асыру, автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту, күзгі-қысқы кезеңде республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау мәселелері қаралды.

Атап айтқанда, «Орталық - Батыс» жобасы бойынша жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысы, жер учаскелерін қаржыландыру, бөлу мәселелерін қоса алғанда, оны іске асырудың ағымдағы жағдайы қаралды.

Автомобиль өткізу пункттерін жаңғыртуға ерекше назар аударылды. Жұмыс сапасы, белгіленген мерзімдердің сақталуы, ведомствоаралық шешімді талап ететін мәселелер талқыланды.

Күзгі-қысқы кезеңге дайындық шеңберінде жол ұйымдарының республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға дайындығы пысықталды. Қажетті техникамен, тайғаққа қарсы материалдармен қамтамасыз етуге және қыс мезгілінде қауіпсіз, үздіксіз қозғалысты қамтамасыз етуге әзірлікке ерекше назар аударылды.

Жиын қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға проблемалық мәселелерді уақтылы шешуді қамтамасыз ету, құрылыс жұмыстарын сапалы жүзеге асыру, ведомствоаралық үйлестіруді күшейту және белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз ету тапсырылды.

primeminister.kz

Елдегі егін жинау науқаны қарқынды жүріп жатыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет егін жинау науқанының тұрақты өтуін қамтамасыз ету шараларын қабылдауда.

Жаппай егін жинау науқаны елдің барлық негізгі ауыл шаруашылығы аймақтарында 2026 жылдың 15 тамызында басталды, деп хабарлайды Egemen.kz Министрлер Кабинетінің баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша, бүгінгі күнге дейін 2,6 миллион гектар дәнді дақылдар жиналды. Салыстыру үшін, өткен жылдың осы кезеңінде 1,3 миллион гектар жиналды. 17 тамыздағы жағдай бойынша орташа өнімділік гектарына 14,6 центнерді құрады.

«Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша оң үрдістер байқалады. Әртараптандыру аясында бидай егістігі 875 000 гектарға қысқарды. Дегенмен, жалпы өнім өсуде. Басқа негізгі дақылдармен қатар, бүгінгі күнге дейін 1,6 миллион тонна бақша, 1,1 миллион тонна көкөніс және 513 000 тонна картоп жиналды», - делінген есепте. Ағымдағы көрсеткіштер өнімділіктің артуын және салада қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін көрсетеді. Соңғы жылдары агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың жеке шараларды қаржыландырудан бүкіл өндіріс циклін кешенді қолдауға ауысуы негізгі құрал болды.

Алдын ала қаржыландыру, жеңілдік ресурстарға қол жеткізу, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту, тыңайтқыштар мен жоғары сапалы тұқымдарды пайдалануды арттыру және заманауи ауыл шаруашылығы технологияларын енгізу фермерлерге маусымға уақтылы дайындалуға және жоғары жинау қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Сайлау учаскесінде кім дауыс бере алады:

Учаскелері тізімге енгізілген сайлаушылар

Есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар

ӘР САЙЛАУШЫ ЖЕКЕ ДАУЫС БЕРЕДІ



Бюллетень алу үшін жеке басын куәландыратын құжат көрсету қажет

Азаматтар:

Сайлау бюллетенін жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырады

Өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шарышға немесе «Беріне қарсымын» деген жолдағы шарышға белгі қояды

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы

Оның аты-жөні сайлаушылар тізіміне енгізіледі

Сайлаушының бюллетені алындығы жөнінде қолы қойылады

Кімнің көмегін пайдалануға рұқсат етілмейді?

✗ сайлау комиссиясының мүшесі

✗ жергілікті өкілдік немесе атқарушы органның лауазымды адамы

✗ тиісті сайлау комиссиясында тіркелген саяси партияның сенім білдірілген адамы

✗ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі

✗ тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы



Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

www.election.gov.kz



Мерекенің жаңғырығы

Күш-жігермен келген жеңістер!

Зеренді елдімекенінде Спорт күні мерекесінде өз жетістіктерімен туған өлкесінің спорттық даңқын арттырып жүрген жандар құрметтелді.

Қазақстан Республикасының Спорт күніне арналған салтанатты іс-шара барлық спорт сүйер қауымды аудандық Мәдениет үйіне жинады. Айтулы оқиға тек құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын тапсыру ғана емес, сонымен қатар ауданда спортты дамытуға белсенді атсалысып жүрген барша жерлестерге – спортшыларға, жаттықтырушыларға, нұсқаушыларға және ардагерлерге кезекті алғыс айту мүмкіндігі.

Қ а т ы с ы ы л а р д ы құттықтауында аудан әкімі Әсет Құрманғожин бүгінде Зеренді ауданында 14 000-

нан астам адам үнемі спортпен және дене шынықтырумен айналысатынын атап өтті. Бұл аудан халқының шамамен жартысын құрайды.

«Ауданда 30-дан астам спорт түрі дамып келеді. Біздің спортшыларымыз аймақтық, республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетуде. Бұл әсіресе ағымдағы спорт маусымында айқын байқалды. Аудан спортшылары биылғы жылы 415, оның ішінде 153 алтын медаль жеңіп алды.

Ерекше жетістіктердің бірі – футбол командасының жеңісі. 2026 жылы аудан командасы екі спорт түрінен – футбол және мини-футболдан аймақтық чемпион атанды. Сонымен қатар, спортшылар

Түркістанда өткен республикалық спартакиадада қола медаль жеңіп алды. Бауыржан Бақытжан, Дәулет Бақытжан, Жақсылық Қалдықожа, Ерناзар Ерқожа және Елдәулет Елтай осы жетістікке өз үлестерін қосты.

Жекпе-жек өнері спортшылары да ерекше атап өтуге тұрарлық нәтижелерге қол жеткізді. Таир Вебер Болгарияның Варна қаласында киокушинкай каратэден әлем чемпионы атанды, ал Рауан Оланұлы әлем кубогында күміс медаль жеңіп алды. Екі спортшы да 2026 жылы Қазақстан чемпиондары атанды.

Зеренді шаңғышылары жеңіс дәстүрін жалғастыруда. Аделина Жакупова, Арина Краплина, Людмила Михалетьева және Сергей

Колесниченко Қазақстан Республикасының жазғы чемпионатында тоғыз медаль жеңіп алды.

Республикалық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің арасында еркін күрес, бокс, самбо, дзюдо және қазақ халық спортының өкілдері болды, - деді аудан әкімі.

Ол Қырғызстанда өтетін VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ұлттық құрама құрамында Айдар Махамбетов пен Серік Ильясовтың ел намысын қорғайтынын атап өтті.

Зеренді спортшыларының өртүрлі салаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізгенін аудан командасының спорттық туризмнен облыстық күміс медаль жеңіп алуы дәлелдейді.

(Жалғасы 2-ші бетте).